

7M01405 –«ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА НЕГІЗДЕРІ»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және атауы: 7M01 Педагогикалық ғылымдар

Даярлау бағытының коды және атауы: 7M014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау

Берілетін дәрежесі: 7M01405– «Құқық және экономика негіздері педагогін даярлау»

Бағдарламаның типі: магистратура 7 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

Жалпы кредит көлемі: 120 академиялық кредит/120 ECTS

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1.Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

7M01405– «Құқық және экономика негіздері педагогын даярлау» білім беру бағдарламасының түлегі өз кәсіби қызметін:

- орта, жоғары және қосымша кәсіптік білім беру ұйымдарында, ғылыми-зерттеу, жобалау ұйымдарында және өндірістік қызмет;
- білім беру саласында және өндірісте, мамандандыруға сәйкес біліктілікті арттыру саласында ғылыми-зерттеу қызметі;
- магистрінің алған біліктілігіне сәйкес басқару қызметі салаларында жүзеге асыра алады.

1.2.Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары

- жоғары және орта кәсіптік оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары мен жобалау-құрастырушы ұйымдар;
- техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары;
- негізгі, бейіндік және кәсіптік мектептер;
- педагогикалық қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мекемелер (институт, орталық, ұйымдар);
- кәсіптік білім беру саласындағы уәкілетті және жергілікті атқарушы органдар болып табылады.

1.3.Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері

- оқыту;
- тәрбиелеу;

- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік;
- ұйымдастыру-басқару.

1.4. Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

Оқытушылық:

- білім алушыларды оқыту мен дамыту, оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау;
- жалпы орта білім беретін және мамандандырылған мектептерде, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында педагог қызметін атқару;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- кәсіптік қызмет саласында ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдану.

Тәрбиелік:

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу,
- ұйымда жұмыс істейтін әріптестермен және білім алушылармен, серіктестермен сыйластық, ашықтық және өзара түсіністік қағидалары негізінде жақсы қарым-қатынас орнату.

Әдістемелік:

- білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқыту процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық және IT - технологияларды қолдану;

Зерттеушілік:

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- ғылым, білім саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеу және жинақтау;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу;
- жаңа жағдайларда зерттеу мәселелерін шешу үшін әр түрлі пәндер аясында алынған білімді интеграциялау;
- кәсіптік салада ғылыми жобалар мен зерттеулер жүргізу және орындау мониторингтік зерттеулер жүргізу арқылы білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалау.

Әлеуметтік коммуникативтік:

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;

- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және педагогикалық қолдау көрсету;
- кәсіби қарым-қатынасты және мәдениетаралық коммуникацияны қалыптастыру.

Ұйымдастыру-басқару:

- ұйымның стратегиялық басқаруын ұйымдастыру, инновациялық менеджмент, көшбасшылық теориясы негіздерін меңгеру;
- әр түрлі деңгейде оқу-білім беру үдерісін ұйымдастыру әдістерін анықтау және мазмұнын жоспарлау;
- кәсіпорындардың экономикалық қызметін ұйымдастыру және басқарудағы практикалық проблемаларды шешу;
- түрлі ұйымдармен, соның ішінде мемлекеттік қызмет органдарымен өндірістік байланыстарды жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнама нормаларын практикада қолдану

БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

Бітірушінің құзыреттілік моделін құрайтын түйінді құзыреттіліктер:

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жаңартуда белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Білім беру бағдарламасын табысты аяқтағаннан кейін бітіруші келесі қабілеттерге ие болуы тиіс:

- ON1** – зерттеу контекстінде идеяларды әзірлеу және қолдану кезінде құқық және экономика негіздерін оқыту саласындағы дамытылған білімдер мен түсініктерді, сондай-ақ зерттеу әдістерін игеруді көрсете білу;
- ON2** – барынша кең пәнаралық контексте стандартты емес дағдайларда кәсіби және басқарушылық проблемаларды шешу үшін өз білімін, түсінігі мен шығармашылық қабілетін пайдалана білу;
- ON3** – құқық және экономика салаларында теориялық, іргелі және қолданбалы білімді іс жүзінде қолдану;
- ON4** – әлеуметтік, коммуникативтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, өз пікірін қалыптастыру үшін бәсекеге қабілетті ақпараттық мәдениетін, шетел тілін меңгеруін көрсете білу;
- ON5** – идеяны, қорытындылары мен проблема шешімдерін нақты және тиянақты көпшілік алдында хабарлауды ұйымдастыру.

Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Қалыптастырылатын ОН (коды)				
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5
БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ Жоғары оқу орны компоненті								
1	Ғылым тарихы мен философиясы	Пән ғылыми жетістіктердің қалыптасу үдерісін және адамзаттың түрлі дәуіріндегі философиялық ойлардың дамуын зерттейді. Ежелгі заманнан қазіргі заманға дейінгі кезеңдегі философиялық түсініктер мен теориялар, сондай-ақ олардың заманауи ғылымға әсері қарастырылады. Философия және ғылым тарихы пәнін зерттеудің негізі-теорияларды, зерттеу әдістерін, сондай-ақ философия ғылымындағы онтологиялық және эпистемологиялық бағыттарды толық қамту.	4	+	+			
2	Шеттілі (кәсіби)	Шетел тілі пәнінен практикалық курсы бағытталған: магистранттардың мәдениетаралық, коммуникативтік және функционалды құзыреттілігін қалыптас-тыру; ағылшын тілінде лексикалық және тілдік ерекшеліктерін дамыту; шетел тілінде дәлелдеу дағдыларын қалыптастыру және ағылшын тілде сөйлейтін елдерінің мәдени ерекшеліктерін түсіну; әлеуметтік-мәдени нормаларды ескере отырып, тиісті тілдік құралдарды дұрыс таңдаумен ойларын жеткізу.	5	+			+	
3	Педагогикалық-психологиялық білім (Жоғары мектептің педагогикасы, Басқару психологиясы)	Жоғары мектеп педагогикасын зерттеудің бағыттарын, құрылымын, жалпы гносеологиялық нұсқаулар жүйесін, педагогиканың ғылыми жүйе ретінде дамуының жаңа әдістерін және эмпирикалық жүйесін, онтогенездің кезеңдеріндегі тұлғаның қалыптасуын, психика дамуының ерекше заңдылықтарын, қазіргі психологиялық басқарудың негізгі бағыттары мен принциптерін, психологиялық білімдер мен іскерліктерді қарастырады.	6		+			+
БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ Таңдау компоненті								
4	1.Құқық және экономика негіздері пәндерін жоғары мектепте оқытудың заманауи әдістері	Құқық және экономика негіздерін оқытудың әдістемелік жүйесінің даму тарихын, заманауи технологияларын, озық тәжірибеде қарастырады. Жоғары мектепте құқық және экономиканы оқыту процесінде құқықтық-экономикалық білімді, дағдыларды, АКТ-ны пайдалануын, оқытудың әдістері мен әдістемелік тәсілдерді талдауын, тиімділігін, жіктелу жолдарын сипаттайды. Оқыту жұмыстарын ұйымдастыру формалары мен	5	+		+	+	

		нәтижеге бағытталған білім беруді жүзеге асыру механизмін, кәсіби мәселелерін шешу жолдарын көздейді.						
	2. Жоғары мектепте құқық және экономика негіздерін оқытудың әдіснамасы	Құқық және экономика негіздерін оқыту қағидаттарын іс-тәжірибелік тұрғыдан іске асыруға мүмкіндік беретін механизмдерді, оқытуда қолданылатын интерактивті және инновациялық әдістерді, АКТ-ны пайдаланып жалпы және жоғары оқу орындарында білім беру үдерісінің шынайы реформалануын жүзеге асыру жолдарын қарастырылады.						
5	1. Ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау	Ғылыми-зерттеу жұмыстарында заманауи ақпараттық технологиялар арқылы мәліметтерді талдау жолдары, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу мүмкіндіктері талданады. Ғылымның даму тенденцияларына өзіндік тұжырым қалыптастыру үшін АКТ-ны қолдана отырып, ғылыми ақпараттар мен көзқарастарды мақсатты түрде зерделейді.	5		+		+	
	2. Құқық және экономикалық зерттеулер әдіснамасы	Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен ҒЗЖ-ны орындау бағдарламасын дайындау қарастырады. Құқық және экономика негіздерінің ғылыми танымның методологиялық негізі, ғылыми зерттеудің технологиясы мен әдістерін сипаттайды. АКТ-ны қолдана отырып, ғылыми - зерттеу бағытын таңдауға жол ашатын ақпараттарды іздестіру жолдары сараланады. Ғылыми зерттеудің орындалуы, кәсіби мәселелерді шешуді және оның нәтижесін рәсімдеу талаптары қолданылады.						
6	1. ҚР-ның азаматтық құқық міндеттемелердің жекелеген түрлері	Құқықтық-нормативтік құжаттары жағынан ауқымды, күрделі, азаматтық - құқықтың жүйесін, логикалық талаптарға сай, ішкі салаларға тән әдістер, шарттар, меншіктер, мерзімдер, талаптар, интеллектуалдық, халықаралық құқықтар оның құрылымдарына тұтастай енетін жекелеген түрлерін қарастырады. Теориялық білімін мүмкіндігінше кәсіби салада қолданып, проблемалардың шешімін табуды көздейді.	3		+	+		
	2. Азаматтарды әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері	Әлеуметтік оңалту үрдісін реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы, принциптері, әдістері, жүйесі, аталған пән тұлға мен қоғам арасындағы әлеуметтік қамтамасыз етудің бағыттарын айқындайтын, нақты және тиянақты қарауға, жеке әлеуметтік тәжірибелерді қоғамдық өмірде қолдануды қарастырады. Теориялық білімін іс жүзінде әлеуметтік, этикалық, коммуникативті қатынаста, кәсіби проблемаларының шешімін таба алуды көздейді.						
БЕЙІНДЕУШІ ПӘНДЕР ЦИКЛІ Жоғары оқу орны компоненті								

7	Қазіргі кездегі жалпы құқық теориясының мәселелері	Қоғамдық өмірдің құбылыстары-мемлекет және құқықтың дамуы, қызмет істеу жолдарын, өздеріне тән заңдылықтарын, олардың таптық-саяси және жалпы адамзаттық мәнін, зерттеу әдісін, түрін, заңды қарым-қатынастары мен байланыстарын, құқықтық сананың және құқықтық ақпараттық мәдениеттің ерекшеліктерін қарастырады. Әлеуметтік, коммуникативтік ойларды ескере отырып, өз пікірін нақты және тиянақты қорытындылай алады көздейді.	6	+			+	+	
БЕЙІНДЕУШІ ПӘНДЕР ЦИКЛІ таңдау компоненті									
8	1.Заманауи кәсіпкерлік	Нарық қатынастарының дамуы, рынокты экономиканың қызмет ету факторлар, рынок жүйелерін құру, жоспарлау, талдау, кәсіпкерлік тәуекелін бағалау, қолдану, икемделу, бәсекелестік пен заманауи кәсіпкерлік қызметті дамытуды және зерттеуді қарастырады. Теориялық білімін іс жүзінде қолданып шешімдерін көпшілік алдында хабарлауды көздейді.	5	+		+		+	
	2.ҚР Кәсіпкерлік және бизнес	Қызметтің дамуына интенсивті түрде барлық жағдайлар жасау, жеке меншікті жекешелендіруге , дұрыс қызметті қамтамасыз ететін барлық ресурстардың ең тиімді нұсқаларын жоспарлау, бәсекелестік, кәсіпкердің шаруашылық қызметіне талдау, кәсіпкерлік тәуекелін бағалау, коммерциялық келісім бойынша ұйымның әдістемелерін қолдану және зерттеуді т.б. қарастырады. Теориялық білімді іс жүзінде қолданып шешімдерін көпшілік алдында хабарлауды көздейді.							
9	1. ҚР Конституциялық процесс: теориялық және практикалық проблемалар	Конституциялық-құқықтық заңдылықтары, практикалық проблемалары, конституциялық процесстің элементтері мен қағидаларын талдау, Қазақстан Республикасында заң шығару, сайлау процесінің, конституциялық өндірістің қалыптасуы мен даму мәселелерін зерттеу, конституциялық құқық нормаларын және өзгерістер мен толықтыруларды т.б. қарастырады. Теориялық білімін іс жүзінде қолдану, ақпараттық мәдениетін, шығармашылық қабілетін көздейді.	6	+	+	+	+		
	2.ҚР-ның конституциялық заңнаманың дамуы	Адам құқықтарының ең жоғарғы құндылығы, халық билігі, билік бөлінісі, құқықтық мемлекет, құқық пен заңның үстемдігі, саяси және идеологиялық плюрализм, меншік нысанының алуандығы сияқты қағидаларға негізделген берік, нық нормативтік базаны және де конституциялық заңнаманың даму мәселелерін зерттеуді қалыптастырады. Теориялық білімін іс жүзінде қолдану, ақпараттық мәдениетін, шығармашылық қабілетін көздейді.							
10	1.Инвестициялық құқық теориясының	Инвестициялық құқықтың көкейтесті теориялық проблемалары , оның заты мен құқықтық реттеу әдісі, инвестициялық құқықтың принциптері мен	4	+		+		+	

	проблемалары	жүйесі, инвестициялық құқықтық қатынастар, инвестициялық қызмет, инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу, инвестициялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік іс жүзінде қарастырады. Кәсіби проблемаларды шешу үшін өз білімін іс жүзінде қолданып, нақты идеяны хабарлауды көздейді.						
	2.Салықтық заңнаманы қолданудың теориясы мен тәжірибесі	Салық заңнамасының актілерін , салықтық құқықтың теориялық негіздерін, жүйесін, мемлекеттік органдардың заң жобалау жұмыстарының құрылу тәсілдеріне әсер ететін өзекті мәселелерін, функцияларын және де зерттеуді нақты ұйымдастыруға баулиды. Кәсіби проблемаларды шешу үшін өз білімін іс жүзінде қолданып, тәжірибеде нақты идеяны хабарлауды көздейді.						
11	1.ҚР –ның банк құқығының өзекті мәселелері	Қазіргі банк жүйесінің теориялық нормаларын, несиелік ұйымдардың құқықтық қызмет етуінің механизмінің әдістерін, несиелік ұйым, банк, банкілік операция, банкілік мәміле және т.б. қаржылық – құқықтық институттардың теориялық негіздерін зерттеу, бағалау, банкілік несиелеу, ақшалай эмиссия, қолма-қол және қолма-қолсыз есеп айырысу, депозиттік құқықтық қатынастар, құқықтық реттеу, жоспарлауды қарастырады. Теориялық білімін, ақпараттық мәдениетін, проблемалық шешімдерін нақты және тиянақты іс жүзінде көрсете білу.	6	+		+	+	+
	2.Бюджеттік құқықтың өзекті мәселелері	Бюджет заңнамасының актілерін, бюджеттік құқықтың теориялық және құқықтық мәселелерін, әдістерін, бюджеттік қарым-қатынастар қатысушылардың құқықтық мәртебесін, бюджеттік өндіріс ережелерін, бюджеттік құқықтың принциптерін, мекемелерін, бюджеттік қарым-қатынаста азаматтық құқықтың құбылысын, процесуалдық мерзімінде-бюджеттік қатынастар үшін заңдық фактілерін қарастырып, теориялық білімін, ақпараттық мәдениетін, проблемалық шешімдерін нақты және тиянақты іс жүзінде көрсетуді көздейді.						
12	1.Персоналды басқару	Басқарудың мақсатын, тапсырмаларын, критерийлерін, ұстанымдарын, әдістерін анықтау және нақты ұйым шарттарында механизмдердің өнделуінің жүзеге асыруының теориялық әдістік көзқарастар, ортақ тұжырымдама, кадрлық саясат, экономикалық ойлаумен және кәсіптік абырой сезімінің дамуының, жоғары білікті, жауапты тұлғаның коммуникативтілігі және талаптары қарастырылады. Қолданбалы білімді, әлеуметтік, шығармашылық қабілетін, ақпараттық мәдениетін кәсіби және басқарушылық проблемаларды нақты шешуді көздейді.	6		+	+		+
	2. Адам ресурстарын	Сыртқы ортаның өзгеруіне бейімделген адамның мүмкіндіктерін үздіксіз,						

	дамыту	тұрақты кеңейту үдерісі , адам дамуының әр кезеңінде негізін қалаушы ретінде лайықты ұзақ өмір сүру, белсенді, салауатты, үздіксіз қажетті, кәсіби білім алу, адам ресурстарын дамыту теориясының қоғамның әлеуметтік прогрестік өлшемдерін қарастырады. Теориялық білімін, шығармашылық қабілетін, нақты және тиянақты ғылыми пікірлерін қалыптастыруды көздейді.							
13	1.Қолданбалы макроэкономикалық саясат	Қазіргі экономиканы зерттеу мен математикалық дайындыққа негізделген теориялық және қолданбалы микроэкономикалық талдау, зерттеу форматында мәселені тұжырымдау, әр түрлі деңгейдегі экономикалық тапсырмаларды шешу үшін тұлғааралық өзара әрекет ету стратегиясын таңдау, кәсіби қызметтегі стандартты емес жағдайларда шешім қабылдау, фирмадағы экономикалық талдау жүргізуді қарастырады. Әртүрлі идеяларды іс жүзінде қолданып, пайда болған проблемаларды нақты шешімін көрсетуді көздейді.	6	+	+	+			+
	2.Макроэкономикалық саясат үлгілері	Тематикалық түрде ұйымдасқан және ірі модульдер көмегімен қалыптасқан, ресми дәрістер, семинар және командалық проектілік жұмыстарға ынта білдіру, жоспарлау, проекті жүзеге асыру және аяқтау, капиталдық активтерді бағалау моделі, концепциялары зерттеліп, жобаны басқарудың бизнес-құбылысын, түрлі зерттеу құралдарын қолдануды қарастырады. Әртүрлі идеяларды іс жүзінде қолданып, пайда болған проблемаларды нақты шешімін көрсетуді көздейді.							
14	Ғылыми-зерттеу жұмысы	Ғылыми зерттеу жұмысын орындау барысында құқық және экономика негіздерінің ғылыми еңбектерін жарыққа шығару, баяндау, тезистер, диссертация жазу, рәсімдеу, ғылыми ойларды ескере отырып өз пікірін қалыптастыруды, шығармашылық қабілетін пайдалануды, туындайтын міндеттерді тұжырымдауды және шешуді, нақты зерттеу міндеттері негізінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдануды көздейді.	24	+	+	+	+	+	+